

Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарының тіркелуін сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеудің және қайта тіркеудің ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 226 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы N 432 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы N 1731 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ереженің 10 тармағының 7) тармақшасына және 11 тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарының тіркеулік сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеудің және қайта тіркеудің ережелері" бекітілсін.

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін

атқарушы

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігінің
1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 226

Бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген өсімдіктерді қорғау құралдарының тіркеулік сынауларын жүргізудің, мемлекеттік тіркеудің және қайта тіркеудің ережелері

1. Осы Ережелер "Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 қарашадағы N 1731 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі туралы ережеге сәйкес дайындалған.

2. Өсімдіктерді қорғау құралдарының тіркеулік сынауларын ұйымдастыруды, мемлекеттік тіркеуді және қайта тіркеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі -

Ауыл шармині)

табылады.

Ауыл шарминнің өсімдіктерді қорғау құралдарының тіркеулік сынауларын ұйымдастаруды, мемлекеттік тіркеуді және қайта тіркеуді тікелей жүзеге асыратын құрылымдық бөлімше болып Екіншілік департаментінің Өсімдіктерді қорғау мен карантин басқармасының Өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруді және қолдануды бақылау, мемлекеттік тіркеу бөлімі табылады.

Осы Ережелерде пайдаланылатын терминдер мен ұйғарымдар

Зиянды организм - өсімдіктердің өнімділігін және оның сапасын азайтатын организм.

Өсімдіктерді қорғау - зиянды организмдерден келетін шығындарды кемітудің және алдын алудың әдістері мен теориялық негіздерін әзірлейтін қолданбалы биологияның бөлімі, сондай-ақ осы әдістерді қолдануды жүзеге асыратын ауыл шаруашылығы өндірісінің бөлімі.

Пестицид (препарат) - өсімдік өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау, тасымалдау процессінде залал келтіретін кез келген зиянды организмдердің санын реттеу мен (немесе) жою үшін; жануарлардың эктопаразиттері мен синантропты зиянды организмдеріне қарсы күресте пайдалану үшін; феромондар, өсімдіктердің өсуін реттегіштер, дефолианттар, десиканттар ретінде пайдалану үшін арналған химиялық зат, қосынды, олардың қоспалары, микробиологиялық препарат.

Әсер етуші зат - препаративті формадағы Препараттың биологиялық активті бөлігі.

Тыйым салынған пестицид - Ауыл шаруашылығы министрлігінің немесе мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының шешімдерімен пайдаланудың барлық тіркелген түрлеріне тыйым салынған Препарат.

Құрамдастырылған пестицид - құрамында екі және одан көп әсер етуші заты бар препарат.

Қолданылуы шектелген пестицид - қолданудың тек жекелеген түрлері рұқсат етілген препарат.

Жалпы қабылданған атауы - Препараттың әсер етуші затына стандарттау жөніндегі халықаралық ұйыммен берілген немесе стандарттаудың ұлттық органдарымен туыстық (топтық) немесе жекелік (тек белгілі бір әсер етуші затқа) атау ретінде қолдануға қабылданған атауы.

Қауіп - адамға және қоршаған ортаға қолайсыз әсер келтіру мүмкіндігі.

Айырмашылық (саудалық) атауы - аталған Препараты жасаушы осы атаумен этикеткалайтын, тіркейтін және жарнамалайтын, егер ол ұлттық заңдармен қорғалатын болса, өнімді дәл сол әсер етуші заты бар басқа Препараттардан айырықша ету мақсатымен тек оны жасаушы пайдалануы мүмкін болған атау.

Қайта тіркеу - Препаратты тіркеулік куәліктің күшінде болу мерзімі өткен соң

қ а й т а

т і р к е у .

Тіркелуші (өтініш беруші) - Препаратты тіркеуге өтініш беруші заңды немесе
ж е к е т ұ л ғ а .

Тіркеу - нәтижелері бойынша тіркеу саласындағы әукілетті орган Препаратты
өндіруге, әкелуге, сауда жасауға, қолдануға және жарнамалауға рұқсат беретін
р ә с і м .

Пестицидтердің тіркеулік сынаулары - Препараттың биологиялық тиімділігінің, қоршаған табиғи орта мен адамға қауіптілігін, ғылыми және тәжірибелік бағалануын зерттеудің регламенттік жүйесі.

Қолдаудың регламенті - Препаратты қолданудың шарттары мен тәртібіне қойылатын міндетті талаптарды белгілейтін ереже.

Қатер - оны қолданудың белгілі бір жағдайларында Препараттың мүмкін болған қауіптілік дәрежесі.

Пестицидтердің тіркеулік сынаулары

3. Жаңа пестицидтердің тіркеулік сынаулары биологиялық тиімділігін, токсикологиялық-гигиеналық және экологиялық қауіпсіздігін бағалау мен оларды қолданудың регламенттерін белгілеу мақсатында жүзеге асырылады.

Пестицидтердің тіркеулік сынаулары тіркеулік сынаулардың жүйесіне кіретін ғылыми-зерттеу және басқа мекемелермен, Ауылшармині бекіткен бірыңғай әдістемелік нұсқаулар бойынша, ал санитарлы-гигиеналық, токсикологиялық және экологиялық сынаулар - Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің стандартизация, метрология және сертификация комитетімен аталған жұмыстарды жүргізуге аттестацияланған мекемелермен жүргізіледі. Зерттеу жұмыстарын атқарушылар Ауылшарминімен белгіленетін
т ә р т і п п е н а й қ ы н д а л а д ы .

Тіркеулік сынауларды орындаушылар Ауыл шаруашылығы министрлігіне препараттарды тіркеу мүмкіндігі туралы қорытындылар мен нақты ұсыныстары бар осы сынаулардың нәтижелері туралы есептер тапсырады. Тіркеулік сынауларды жүргізудің сапасын бақылау Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармаларына жүктеледі.

Жекелеген жағдайларда пестицидтердің тіркелген шығын мөлшерін анықтау мақсатында олардың биологиялық тиімділігін тексеру жүргізілуі мүмкін. Аталған тексеру Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен ғалымдарды, ғылыми-зерттеу және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін тартумен, Ауыл шаруашылығы министрлігінің орталық аппараты мен аумақтық басқармаларының қызметкерлерінен құрылатын комиссиямен жүргізіледі.

*Ескерту: 3-тармақ толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің
11.07.2000 ж. б ұ й р ы ғ ы м е н .*

4. Тіркеулік сынаулардың міндетті талабы 30 сәуірге дейін препаратың сынау

жоспарына енуі. Тіркеулік сынауларды енгізу туралы өтініштер ағымдағы жылдың 1 наурызына дейін қабылданады. Егер қажет болған жағдайда өтініштерді қабылдау мерзімі ұзартылып, тек егіс танабындағы, лабораториялық тәжірбие жұмыстарының басталуына 15 күн қалғанда тоқтатылады.

5. Сынау жоспарына аймақтардың саны, аймақтардағы тәжірбиелердің саны қаралады. Тәжірбие схемасы өтініш жасауымен келісіліп және одан кейін анықталған жұмысты орындаушы мекемемен келісім шарт жасалады.

6. Пестицидтердің динамикалық қалдықтар мөлшері, тіркеу сынағы, арнайы эксперименті жүзінде анықталған биологиялық регламентпен қолданылған аймақта зерттеледі.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық қорғау істері жөніндегі агенттігінің мекемелерімен жаңа белгісіз әсер етуші заттары бар пестицидтердің тіркеулік сынауларын өткізгеннен соң, көрсетілген препараттарды тіркеу үшін гигиеналық негіздеме беріледі және гигиеналық нормативтері мен регламенттері дайындалады.

8. Тіркеулік сынауларды жүргізгенде Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің стандартизация, метрология және сертификация комитетімен аттестацияланған лабораториялар препараттардың қалдықты мөлшерін айқындау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар дайындалады, қолда бар әдістемелерді Қазақстанның токсикологиялық лабораторияларының жағдайына бейімдейді, сондай-ақ оларды мақұлдайды.

9. Пестицидтердің тіркеулік сынауларын жүргізу үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын өндіруші фирма (бұдан әрі - Тіркелуші) пестицидтің тәжірибелік партиясын, әсер етуші заттарының талдау стандарттарын және қажет болған жағдайда - метаболиттерінің стандарттары. Оларды сынау өткізу орынына жеткізу Тіркелушінің есебінен жүргізіледі.

10. Сынау танабынан алынған өнім жойылады немесе мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарының рұқсаты және онда пестицидтердің қалдықты мөлшері жоқ болуы туралы мәліметтер болғанда пайдалануға жіберілуі мүмкін.

11. Жаңа әсер етуші заты бар препараттардың тіркеулік сынаулары үш толық вегетациялық кезең бойында жүргізіледі: бірінші мен екінші жылдары - далалық сынау, үшінші жыл - өндірістік сынау. Қажет болған жағдайда Ауыл шаруашылығы министрлігі тіркеулік сынауларды жүргізудің мерзімін бір жылға ұзартуы мүмкін.

Далалық сынаулардың нәтижелері бойынша Ауыл шаруашылығы министрлігі өндірістік сынауларды жүргізудің аймақтары мен алаңдарын айқындайды, ал өндірісте сыналып жатқан препараттардың тұрақты биологиялық тиімділігі расталмаған жағдайда далалық сынауларды жалғастыру туралы шешім

қ а б ы л д а й д ы .

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің 11.07.2000 ж. бұйрығымен .

12. Бұрын тіркелген препараттардың құрамына кіретін әсер етуші заттардан тұратын препараттар үшін, сондай-ақ әсер етуші затының пайыздық мөлшерінің өзгеруі және қолданудың аясын кеңейту кезінде далалық сынаулардың мерзімі бір вегетациялық кезеңге дейін қысқартылуы мүмкін. Аталған препараттардың өндірістік сынаулары Ауыл шаруашылығы министрлігінің келісуі бойынша далалық тәжірибелермен қатар жүргізілуі мүмкін.

Ескерту: 11-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің 11.07.2000 ж. бұйрығымен .

13. Мемлекеттік санитарлық бақылау мекемелерінің қалыптасқан және дайындалған нормативтік акті құжаттарын пестицидтерді бақылау әдістемелерін А у ы л ш а р м и н і б е к і т е д і .

14. Тіркеу сынағы жүргізілген отчеттың нәтижесі қосымшадағы 22 үлгі б о й ы н ш а қ а б ы л д а н а д ы .

15. Пестицидтердің тіркеулік сынаулары жөніндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарын қаржыландыру тіркелушімен, атқарушылармен Ауылшарминінің тіркеулік сынаулар жоспарына сәйкес жасалынған келісімдер бойынша жүзеге асырылады.

Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу

16. Мемлекеттік тіркеуге, қажетті тұрақты және есептік санитарлық-гигиеналық, нормативтері және оларды қолдануды бақылау әдістерін қоса алғанда қолданудың регламенттері дайындалған отандық және шетелдік өндірісі пестицидтерінің препаративті формалары жатады.

Жаңа белгісіз әсер етуші заттары бар пестицидтерді мемлекеттік тіркеу Ауылшарминімен Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігінің міндетті түрде мемлекеттік гигиеналық тіркеуінен және гигиеналық негіздеме алынуынан кейін жасалады.

Мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында формуляцияланатын, оларды шығаруға техникалық шарттар, сондай-ақ ыдыс этикеткасының үлгісін белгіленген тәртіппен дайындауды және бекітуді қажет ететін препараттар да жатады. Мемлекеттік тіркеуге ерекше уытты және жоғары уытты препараттарға жататын пестицидтер қабылданбайды.

17. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу үшін Тіркелуші Ауылшарминге мынадай құжаттарды тапсырады:

1-қосымшаға сәйкес мәліметтері бар пестицидтерді мемлекеттік тіркеуге ө т і н і ш - 2 д а н а ;
- пестицидке материалдар - 2 дана;

- отандық препараттар мен формуляция үшін - Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігімен және Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің стандартизация, метеорология және сертификация комитетімен келісілген техникалық шарттар;

- пестицидтің тіркеулік сынауларының нәтижелері - 2 дана;

Ауыл шарминімен бекітілген пестицидтің ауыл шаруашылығы өнімдерінің және қоршаған ортаның объектілеріндегі қалдықты мөлшерін айқындау әдістемелері ;

ауыл шаруашылығы өнімдерінде және қоршаған объектілерде пестицидтердің санитарлық-гигиеналық нормасы;

қазақ және орыс тілдеріндегі ақпараты бар ыдыс этикеткасының үлгісі.

18. Тіркелуге берілген өтініш Тәртіптегі талаптарға сай болуы тиіс, мазмұны нақты негізгі Препарат жайлы беруі тиіс. Іс қағаздарының жинағы қазақ немесе орыс тілінде беріледі. Сонымен бірге Тіркелуші қысқаша орыс тілінде өтініш беруге міндетті. Препаратты тіркеуге өтініш 1 үлгедегі формамен толтырылады.

19. ТМД мемлекеттерінде жүргізілген сынақтардың нәтежесімен берілген мәліметтер. Сынақ жайындағы есептер, препараттың қолдануы жайлы нұсқаулар, ыдыс этикеткасы, бейімделген микромөлшердегі бақылау, және қажеттілігіне қарай басқа да құжаттар талап етіледі.

20. Препаратты қайта тіркеуге берген өтініште препараттың саудалық атауы, әсерлі заты, препаративтік формасы және қолдану регламенті болуы тиіс.

21. Тіркелуші қолдану аумағы кеңейтілетін Препараттың мәліметтерін 1 қосымшаға сәйкес, ал саудалық атауы және өндірушісі өзгерген жағдайда - Қосымша 2, 7б сәйкес береді.

22. Препаратың препаративтік формасы өзгерген жағдайда, Тіркелуші мынандай мәліметтер қосымшадағы 3, 6в, 7б, 14 формаға сай, ал Қазақстанда немесе ТМД елдерінде әсерлі заты белгілі препарат шығаратындар - қосымшадағы 3, 13, 14 сәйкес береді.

23. Әсерлі зат құрамы белгілі, құрамдас Препараттарды Тіркелуші мәліметтерді қосымшадағы 4, 7б, 14 үлгіге сай береді.

24. Микробиологиялық препараттардың титрі өзгергенде, препаративтік формасы ауысқанда Тіркелуші мәліметтерді қосымшадағы 5(3, 5, 6, 9, 17, 20, бөлімдерін қоспағанда) 14, 15б, 15в үлгіге сай береді.

25. Жаңа белгісіз әсер етуші заты бар, ТМД мемлекеттерінде тіркеуде жоқ, бірақ Халықаралық анықтамаға енген Препарат, Тіркелуші мәліметтерді Қосымшадағы 3, 6, 12, 14 және 20 үлгіге сай береді. Препаратты тіркеу Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары және Қоршаған ортаны қорғау министрлігімен келісіп жүргізіледі.

26. Жаңа белгісіз әсер етуші заты бар, ТМД елдерінде өндірілетін препаратқа Тіркелуші мәліметтерді қосымшадағы 3, 6 - 14 және 20 үлгіге сай береді. Препаратты тіркеу Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрілігімен келісіп жүргізіледі.

27. Микробиологиялық жаңа препаратты тіркеуге, Тіркелуші мәліметтерді қосымшадағы 5, 11, 12, 14, 15 және 20 үлгіге сай береді. Препаратты тіркеу Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі, Қазақстан Республикасы табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрілігімен келісіп жүргізіледі.

28. Санитарлық - гигиеналық нормативті, тәртіпті өндірісте препаратты пайдалануды белгілеу қосымша 16 көрсетілген.

29. Ауыл шаруашылығы өнімдеріне және қоршаған орта объектілерінде кездесетін метаболитпен олардың қалдықтары құрамын зерттеу, Препаратқа есеп беру қосымша 17 көрсетілген.

30. Ауыл шаруашылығы өнімдерінде және қоршаған орта объектілерінде кездесетін қалдықтары мөлшері және метаболиттерін анықтаудың бірыңғай талабы Қосымша 18 көрсетілген.

31. Препараттардың микромөлшері, олардың метаболиттерін анықтап бейімдеп, мақұлдап және бекітудің тәртібін істеу Қосымша 19 көрсетілген.

32. Белгілі себептермен Препараттың іс қағаздар жинағы толық болмай қысқаша болсада қабылданады. Егер Препаратты тіркеуге дұрыс шешім қабылданған болса Тіркелуші 3 ай аралығында міндетті түрде толық іс қағаздар жинаған өткізу керек. Орындалмаған жағдайда тіркеуден алынып тасталуы.

33. Тіркеуге берілген материалдар қабылданып Ауылшармині арқылы қаралып экспертиза жүргізіледі. Экспертизаның жалпы мерзімі бір Препарат үшін 30 күннен аспауы керек.

34. Жаңа белгісіз әсер етуші заты бар пестицидтің санитарлық-гигиеналық сараптамасының нәтижелері Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерімен, экологиялық сараптамасының нәтижелері Қазақстан Республикасының табиғи ресурстары және қоршаған ортаны қорғау министрілігімен бекітіледі.

Әсер етуші заттары белгілі және Қазақстан немесе ТМД мемлекеттерінде тіркелген пестицидтердің тіркеулік материалдары жоғарыда көрсетілген министрліктер мен ведомстволарда келісуден өтеді.

Бұдыс этикеткасының үлгісі бекітілгеннен соң тіркелген пестицидке мемлекеттік тіркеулік нөмір беріледі, Тіркелушіге қосымша 21 сәйкес нысан бойынша тіркеулік куәлік беріледі. Тіркеудің нөмірі және қайта тіркеудің күні арнайы тізімдемеге тіркеледі және Ауылшармині бекіткен Қазақстан

Республикасының ауыл және орман шаруашылықтарында қолдануға рұқсат етілген зиянкестермен, өсімдіктер ауруларымен және арамшөптермен күресудің биологиялық және химиялық құралдарының, дефолианттардың және өсімдіктердің өсуін реттегіштерінің тізімінде көрсетіледі.

Пестицидті мемлекеттік тіркеу туралы шешім, тіркеулік куәлік берілген күннен бастап күшіне енеді. Мемлекеттік тіркеудің күшінде болу мерзімі 5 жыл.

Өсімдіктерді қорғаудың химиялық құралдарын мемлекеттік тіркеу препараттардың далалық тіркеулік сынауларының нәтижелері өндірісте расталғаннан кейін жүргізіледі. Препараттардың өндірістік сынаулардың нәтижелері Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық басқармаларының басшылары қол қойған актілермен расталуы керек.

Ескерту: 34-тармақ толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің 11.07.2000 ж. бұйрығымен.

35. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу күніне толық көлемде ақпарат берілуі мүмкін емес, бірақ олардың токсикологиялық-гигиеналық қасиеттері мен қолдану сферасы тәуекелдік маңызды емес деп есептеуге мүмкіндік беретін болса, 2 жылдық мерзімге уақытша тіркелуі мүмкін.

36. Пестицид уақытша тіркелген жағдайда, Ауылшармині арқылы препараттың қолдануы, объектінің мақсаты және жалпы өсіру алаңы мен дақылдардың жалпы көлемі анықталады.

37. Пестицидтің қауіптілігі туралы бұрын белгісіз мәліметтер алынған кезде мемлекеттік тіркеу, тіркеудің мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылуы мүмкін, ол туралы Ауылшармині сондай шешім қабылданғаннан кейін 10 күндік мерзімде жазбаша түрде Тіркелушіні, мүдделі министрліктер мен ведомстволарды х а б а р д а р е т е д і .

Егер пестицидті өндірудің технологиясы немесе рецептурасы өзгертілген болса тіркеу бесжылдық мерзім өткенше тоқтатылуы немесе шектелуі мүмкін.

Пестицидтерге тыйым салу туралы мәліметтер Қазақстан Республикасының ауыл және орман шаруашылықтарында қолдануға рұқсат етілген зиянкестермен, өсімдіктер ауруларымен және арамшөптермен күресудің биологиялық және химиялық құралдарының, дефолианттардың және өсімдіктердің өсуін реттегіштерінің тізіміне жылда жасалатын толықтыруларда көрсетіледі.

Пестицидтерді қайта тіркеу

38. Қайта тіркеуге бұрын тіркелген, тіркеу мерзімі өтіп кеткен пестицидтер жатады. Қайта тіркеу үшін Ауылшарминіне 2 дана өтініш және бұрын берілген тіркеу материалдарына енгізілмеген жаңа материалдар тапсырылады.

Қайта тіркеу пестицидтерді мемлекеттік тіркеу үшін көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

39. Қайта тіркеуге олардың қауіпсіздігі немесе жеткіліксіз тиімділігі туралы

бұрын белгісіз мәліметтер алынған пестицидтер жатпайды.

40. Тіркеуші Ауылшарминіне препараттың құрамындағы барлық өзгерістер туралы және оның қауіптілігі жөнінде жаңа мәліметтердің пайда болуы туралы а қ п а р а т б е р у г е м і н д е т т і .

41. Препаративтік форманың компоненттерінің құрамы мен мазмұны өзгеріп соған байланысты тіркелген шығын мөлшерін анықтау қажеттілігі туындаған жағдайда Ауылшармині қосымша зерттеулер өткізуді талап етуі мүмкін. Осы зерттеулерді қаржыландыру Тіркелушінің есебінен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасында қолдану үшін рұқсат етілген пестицидтердің тізімін баспадан шығару

42. Мемлекеттік тіркеу нәтижелері бойынша Ауылшармині Қазақстан Республикасында қолдану үшін рұқсат етілген пестицидтердің тізімін 5 жылда бір рет, жаңа тіркелген пестицидтер туралы, сондай-ақ пайдалануға тиым салынған немесе қолдануы шектелген препараттар туралы оған толықтыруларды жыл сайын әзірлейді және баспадан шығарады.

Кесте 1

Пестицидтерді пайдаланудың сипаттамасы

N	Саудалық атауы,	Препараттың	Дақыл,	Зиянды §§	Өңдеу	Өнімді
	препаративтік	қолдану	өңделетін	организм	мезгілі	жинаған.
р/н	формасы,	эсерлі	мөлшері	объекті §	тәсілі,	ғадейін.
	заты, фирмасы	(л/т, л/га			шектелуі	гі, соң
		кг/т, кг/га)				санының
						и мал ды ғы н
						к ө р с е т е д і

Қосымша 1

1. Тіркелушінің өтініші.
2. Тіркелуші (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы)
3. Қолдану аясы (қандай дақылдарда тіркеу көзделеді, зиянды объект, латынша атауы).
4. Ұсынылған қолдану мөлшері және қолдану тәсілі.
5. Ұсынылған қолдану регламенттері (өңдеуді жүргізу мерзімі,

өңдеу арасындағы интервал).

6. Ұсынылған күту мерзімі (өнімді жинауға дейін күнмен есептегенде).
7. Биологиялық және шаруашылық тиімділігі (далалық сынауларда).
8. Басқа елдердегі қалдық мөлшерін айқындаудың нәтижелері, және биологиялық бағалау нәтижелері (егер бар болса).
9. Ауыл шаруашылық өнімдерінде препараттың қалдығын анықтаудың әдістемесі (тіркеуге арналған дақылға).
10. Препараттың ауыл шаруашылығы азықтарындағы максималды мүмкін деңгейі (қандай дақылдарға тіркеу көзделеді).
11. Басқа мемлекеттердегі нәтижелері (керектігінне қарай).

Қосымша 2

1. Тіркелушінің өтініші.
2. Тіркелуші (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы).
3. Өнімді өндіруші және әсерлі заты (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы)
4. Айырмашлық атауы (саудалық), белгілі синонимы.
5. Препаративтік формасы және әсерлі затының құрамы (г/л немесе г/кг).
6. Қолдану аясы (қандай дақылдарда тіркеу көзделеді, зиянды объект, латынша атауы).
7. Ұсынылған қолдану мөлшері және қолдану тәсілі.
8. Ұсынылған қолдану регламенттері (өңдеуді жүргізу мерзімі, өңдеу арасындағы интервал).
9. Ұсынылған күту мерзімі (өнімді жинауға дейін күнмен есептегенде).
10. Биологиялық және шаруашылық тиімділігі (далалық сынауларда).
11. Басқа елдердегі қалдықты мөлшерін айқындаудың нәтижелері, және биологиялық бағалау нәтижелері (егер бар болса).

Қосымша 3

1. Тіркелушінің өтініші.
2. Тіркелуші (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы).
3. Өнімді өндіруші және әсерлі заты (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы)
4. Айырмашлық атауы (саудалық).
5. Препаративтік формасы және әсерлі затының құрамы (г/л немесе г/кг).
6. Қолдану аясы (қандай дақылдарда тіркеу көзделеді, зиянды объект, л а т ы н ш а а т а у ы) .
7. Ұсынылған қолдану мөлшері және қолдану тәсілі.
8. Ұсынылған қолдану регламенттері (өңдеуді жүргізу мерзімі, өңдеу арасындағы интервал).
9. Ұсынылған күту мерзімі (өнімді жинауға дейін күнмен есептегенде).

10. Биологиалық және шаруашылық тиімділігі (далалық сынауларда).

11. Дақылдық фитотоксичносы, толерантносы.

12. Басқа Препаратпен қосылуы.

13. Басқа елдердегі қалдықты мөлшерін айқындаудың нәтежелері, және биологиялық бағалау нәтежелері (егер бар болса).

Қосымша 4

1. Тіркелушінің өтініші.

2. Тіркелуші (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы).

3. Әсерлі заты және өнімді өндіруші (атауы, мекен-жайы, телефондары, факсы)

4. Айырмашлық атауы (саудалық).

5. Әр әсерлі затының қолдануы.

6. Препаративтік формасы және әсерлі затының құрамы (г/л немесе г/кг).

7. Препарат құрамы (% құрамы, толықтырғыштар, эмульгаторлар, стабилизаторлар, еріткіштер).

8. Қолдану аясы (қандай дақылдарда тіркеу көзделеді, зиянды объект, л а т ы н ш а а т а у ы) .

9. Ұсынылған қолдану мөлшері және қолдану тәсілі.

10. Ұсынылған қолдану регламенттері (өндеуді жүргізу мерзімі, өндеу а р а с ы н д а ғ ы и н т е р в а л) .

11. Ұсынылған күту мерзімі (өнімді жинауға дейін күнмен есептегенде).

12. Биологиалық және шаруашылық тиімділігі (далалық сынауларда).

13. Басқа елдердегі қалдықты мөлшерін айқындаудың нәтежелері, және биологиялық бағалау нәтижелері (егер бар болса).

Қосымша 5

МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ПРЕПАРАТТАР

Препаративтік формасы және белсенді ингредиенттің құрамы және қасиеті туралы мәлімет (бактериальды, саңырауқұлақ, вирус, микроспороидалды препараттар, азық есебінде өмір сүруге қабілетті микроорганизмдер).

Штамма-продуцента қасиеті.

1. Микроорганизмнің түрлік атауы (латынша атауы).

2. Штамма атауы немесе нөмері (изолята).

3. Штамма бөліну көзі

4. Культуральды-морфологиялық және биохимиялық қасиеттерін тесты арқылы теңестіру, дұрыстау (мекемесін көрсету теңестірген)

5. Зиянды объектіге қатысты патогенность немесе қарама-қайшылық.

6. Бұрыннан белгілі штамма түрінен айырмашылығы (оның ішінде шетелде).

7. Сол түрдегі микроорганизмдердің басқа штамма клеткалары л и з и р у ы ш и и ф а ғ а ғ а қ а т ы с ы .

8. Штаммаларды сақтаудың ортасы және жағдайы тәсілі.
9. микроорганизмдердің көбею ортасы және жағдайы тәсілі.
10. Микробты ассоциацияда қоршаған ортада және биоматериалда микроорганизмдерді табудың тәсілі.
11. Азық, синтезделген штамма (химиялық құрлысы, структуралық формуласы, тұрақтылығы, қалдығын анықтау тәсілі).
12. Препарат құрамы: әсерлі құрам басы (титр тірі клетка немесе тіршілікке бейімденген азық, вирустық өнім, кірістіру) көмекші заттың және оның қолдануы.
13. Агрегаттық күйі.
14. Сулануы.
15. Ылғалды ұстауы.
16. Бөтен микрофлораны ұстауы.
17. Әрекет басы анықтау тәсілі.
18. Сақтау мезгілі және жағдайы.
19. Жұмыс сұйықтығын әзерлеу тәсілі.
20. Жарамсыз техникалар және препараттар, төгілген шашылған препараттар олардың ыдыстары, жұмысқа киілген киімдерді тазарту тәсілі.
21. Басқа пестицидтермен араласуы.

Қосымша 6

ФИЗИКА-ХИМИЯЛЫҚ ҚАСИЕТІ

- a) Физико-химиялық қасиеті әсерлі заты.
 1. Әсерлі заты (ISO, IUPAC, N CAS бойынша).
 2. Структуралық формуласы (оптикалық изомерін көрсету).
 3. Эмпирикалық формуласы.
 4. Молекулярлық массасы.
 5. Агрегаттық күйі.
 6. Иісі, түсі.
 7. Бу қысымы мм. сын. бағ. $t - 20' \text{ C}$ және $40' \text{ C}$.
 8. Суда еруі.
 9. Органикалық еріткіштерде еруі, мг/100 мл.
 10. Бөліну коэффициенті п-октанол/су.
 11. Температура балқуы.
 12. Қайнау температурасы және қатуы.
 13. Тұтану температурасы және жалындауы.
 14. Сулы ертіндінің тұрақтылығы (рН 3-5,7, 10) $t - 20' \text{ C}$, аралығында оның ішінде төменгі құрамада (1 мг/дм³ кем емес).

15. Тығыздығы (заттың газ күйіндегі жағдайы) көрсетуі $t - 0' \text{ C}$ және 760 мм сын. бағ.

б) Техникалық азықтағы физика-химиялық қасиеті.

1. Техникалық азық тазалығы, қоспаның сандық сапалық қоспасы.
2. Агрегаттық күйі.
3. Иісі, түсі.
4. Температура балқуы.
5. Тұтану температурасы және жалындауы.
6. Тығыздығы (Заттың газ күйіндегі жағдайы тығыздық көрсетуі $t - 0' \text{ C}$ және 760 мм. сын. бағ.).
7. Жылу - және сурет тұрақтылығы.
8. Техникалық азықтағы тазалықты анықтаудың аналитикалық тәсілі, азықтағы құрамдарды анықтау, изомерлер, қоспалар құрамдарды анықтау мүмкіндігі.

в) Препаративтік форманың физика-химиялық қасиеті.

1. Агрегаттық күйі.
2. Иісі, түсі.
3. Сулы эмульсия немесе суспензия тұрақтылығы.
4. рН.
5. Ылғалдық құрамы (%).
6. Жабьсқактық.
7. Дисперсность.
8. Тығыздығы.
9. Бөлшек размері (ұнтақ, түйіршік т.б).
10. Сулануы.
11. Тұтану температурасы.
12. Кристалдану температурасы, суыққа төзімділігі.
13. Ұшпалық.
14. Нығыздығы жайлы мәліметтер.
15. Коррозиялық қасиеті.
16. Сандық және сапалық қоспа құрамы.

17. Сақтау кезіндегі тұрақтылық.

Қосымша 7

ТОКСИКОЛОГИЯ-ГИГИЕНАЛЫҚ СИПАТТАМА

а) Әсерлі затқа токсикологиялық сипаттама (техникалық өнім)

1. Пероралды өткір улы (тышқан, егеуқұйрық) ЛД қатты әсер ету басы

5 0

(ТМД елдерінде өндірілетін препараттарға арналған),

2. Теріге улылығы өткірлігі - ЛД .

3. Ингалацисалық өткір улылығы - CL . Қатты әсер ету басы (ТМД
5 0

елдерінде өндірілетін препараттарға арналған).

4. Интоксикациялық созылмалы өткір клиникалық уланудың пайда болу
механизмі (мүше - нысаналары).

5. Тыныс жолдары және теріні тіркендіру.

6. Біртіндеп тауықтың нерв жүйелеріне әсер етуі
(фосфорорганикалық пестицидтерге арналған басқаларға талапқа сай).

7. Пероралды астыөткір улы (кумулятивті қасиетті) кумуляция
коэффициенті (ТМД елдерінде өндірілетін препараттарға арналған
К а г а н а т ә с і л і м е н) .

8. Теріасты өткір улануы.

9. Иммунотоксичность, сескену әсері.

10. Созылмалы улану (тиімсіз мөлшердің басы).

11. Жануарлардың екі түріне онкогендік агентті сынау (тышқан,
егеуқұйрық) екі жыл аралығында тексерілген материалдардың
тіршілік қабілетіне қарай (кесте, қисық сызықпен); қатерлі
және қатерсіз ісіктердің жиілігі барлық гистологиялық түрі және
таратпаушылығын тиімділігіне қарай санын анықтап (жануарлардың
саны, алғашқы ісік пайда бола бастағанға дейінгі тірі қағаны)
интеркуррентті өлім (Каплана-Мейера); тарихи экспериментальды
м ә л і м е т і б о й ы н ш а .

12. Жемістегі анамалии және улылығы, әдістемені пайдалана отырып
тератогенноссы және эмбриотоксичноссын анықтау.

13. Репродуктивті улылық екі ұрпақ тәсілімен және гонадотоксичность.

14. М у т а г е н д і к :

- гендік мутация метаболиттік активация және активациясыз Эймса тестісі;
- цитогенетикалық тест in vitro дақылда адам қанында периферическ
лимфоциттік (хромосомды аберрация);

- цистогенетикалық тест in vivo кемірушілердің сүйек миы
(хромосомдар, аберрации, микроядра). Басқа тестілер жіберіледі, үштен кем емес
, Эймса және сүт қоректілерге in vivo тест қосқанда.

15. Сүт қоректілер организміндегі метаболизм, негізгі метаболиттер, олардың
улылығы, токсикокинетика және мүмкіндігіне қарай токсикодинамика.

16. Зиянды әсердің шектелу көрсеткіші.

17. Адам салмағы денесіне, тәуліктік рұқсат мөлшері (ТРМ) мг/кг.

18. Қоршаған орта объектілері, оның ішінде ауыл шаруашылығы

өсімдіктері метаболізмi.

б) Препаративтік формаға токсикологиялық сипаттама.

1. Пероралды өткір улы (тышқан, егеуқұйрық) - ЛД .
5 0

2. Теріге өткір улылығы - ЛД .
5 0

3. Ингаляциалық өткір улылығы - ЛД .
5 0

4. Тыныс жолдары және теріні тіркендіру.

5. Пероралды астыөткір улы (кумулятивті қасиетті) кумуляция
коэффициенті .

6. Тері үсті әсер ететін астыөткір (жабын терілерге қауіп тудыратын
препараттар үшін) .

7. Ингаляциялық өткір улылық (ингаляциялық қауіп тудыратын
препараттар үшін) .

8. Түршігу әрекеті .

9. Препаративтік форманың токсикологиялық сыңарларына сипаттама (толықтырғыш, эмульгаторлар, стабилизаторлар, еріткіштер т.б.).

Препарат құрамында улы заттар болған жағдайда әсерлі затына қарағанда, Препараттың токсикологиялық мәлеметтері, әсер ету заттарының қоспалары және сыңарларына препаративтік формасы сонымен бірге метаболізміне.

в) Препаративтік форманың гигиеналық сипаттамасы

1. Гигиеналық нормативі және күту мезгілі.

2. Препараттың қауіптілігіне баға бұл мәліметтер эксперттер тобы ФАО/ВОЗ, ЕРА, Европалар одағының мәжілісінен алынды.

3. Жұмыс істеу кезінде, сақтау, тасымалдауда, өндіруде сақтанудың ұсынылған жолдары (Егер препарат ТМД елдедерінде өндірілсе).

4. Қатты улану кезінде, емдеу және диагностика жасау оның ішінде уланған жағдайда көрсетілетін алғашқы көмек, антидоты жайлы ұсыныс сипаттама.

Препараттың күту мезгілі жаңа әсерлі заты бар болса онда Қазақстанда анықталады.

Қосымша 8

МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ БАЛ АРАСЫНА ПРЕПАРАТТЫҢ ҚАУІПТІЛІГІ ЖАЙЛЫ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ - САНИТАРЛЫҚ ЭКОТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒА

Бал арасына лабораториялық улылықты анықтау (тұқым дәрілеу, көшет материалдары) жер бетіне шыққанға дейінгі қолданған гербицид Препараттарына

қ а ж е т

е м е с .

1. Дала жағдайында бал арасына қауіптілік класы (ұсынылған тәртіппен оны практикада пайдалану).

2. Сипаттамада ұсынылған тәртіптің бал арасына қауіпті болатын қатерді азайтады.

3. Қыстаған бал арасы азығындағы қалдық мөлшері МЖШ.

4. Жылы қандыларға, жануарларға және құстарға Препараттың параметрі және улылық класы: клиникалық белгілері улылықтың, симптомы улануы.

5. Ауыл шаруашылығы малдары және құстар азығындағы Препарат қалдықтары мөлшерін анықтау тәсілі (шөп, сабан, дәнді дақылдар, тамыржемістілер) (тоуарға арналған азықтарды зерттеулердің әдістемелері қабылданады).

6. МЖШ ауыл шаруашылығы малдары және құстар азықтарында (шөп, сабан, дәнді дақылдар, тамыржемістілер (тоуарға арналған азықтардың нормативіне жасалынған)).

7. Препарат МЖШ жоғарлағанда ауыл шаруашылығы малдары және құстар азығындағы ыластану денгейін төмендету мүмкіндігіне түсініктеме сипаттама.

Т. 4-7. Жемдік азыққа арналған дақылдарды өңдеуге бағытталған.

Қосымша 9

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ - ПРЕПАРАТҚА ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒА

1. Препараттың судағы әсерлі затын анықтаудың әдістемесі.

2. Препараттың сулы ортадағы тұрақтылығы рН 7-8 (уақыт 50 және 95 % ыдырау). Метаболиттердің пайыздық қатары және құрамы, әсерлі заты суда ыдырағанда пайда болады.

3. Препараттың орташа өлтіретін құрамасының (ЛД) балықтың 50 % - тін 96 сағат ішінде жояды.

4. Препараттың орташа өлтіру құрмасы (ЛД) бекіре балықтың 50 % личинкасын немесе балықтардың басқа түрлерін 48 сағатта жояды.

5. Препарат және оның метаболиттері судағы ерігіштігі төзімділігі детоксикация мерзімі.

6. Препараттың улылығын зоопланктондық организмдерге массы түрде тіршілікке бейімділігі және тұқымдылығын шаянның 2-4 ұрпағына, сонымен бірге физиология-биохимиялық, морфологиялық аномалиіне тіркеу жасалады. Эксперимент 30-40 тәулікке созылады.

7. Препараттың балықтарға улылығы:

- материалды немесе физиологиялық кумуляцияға баға;
- бекіре балық немесе басқа балықтардың уылдырықтарының даму әсеріне баға (өмірсүргіштік, өсім, морфологиялық анамалия);
- шабақтар және үлкен балықтар (тұқы балық, бақтақ балықтары, албырт балықтары), өмірсүру бейімділігінің физиология-биохимиялық, морфологиялық және басқа өзгерістері. Эксперименттің ұзақтығы 1-6 ай.

8. Гидробионттардың мұтагендік әсері (керектігіне қарай).

9. Гидробионттардың гонадотоксикалық әсері (керектігіне қарай).

10. Иммунологиялық әсері гидробионт үшін (керектігіне қарай).

11. Гидробионттарға канцерогендік әсері (керектігіне қарай).

Бұл, бөлім 1-11 әсерлі затын (техникалық азығын) және препаративтік форма мәліметін көрсетеді. Егер мәліметтер тіркелеуші арқылы берілмесе, онда ТМД елдеріндегі ғылыми-зерттеу мекемелері арқылы жүргізіледі.

1-4 бөлімнің мәліметтері негізі бойынша суда, балық шаруашылығы су қоймаларындағы әсер ету қауіпсіздік деңгей әсері есептеледі. (ӘКДӘ) (әсер етуі екі жыл).

1-11 бөлімнің мәліметтері негізі бойынша шегіне жеткен мүмкін концентрация (ШЖК) Препаратты суда балық шаруашылығы су қоймаларында жасалады.

Қосымша 10

ПРЕПАРАТҚА ЭКОЛОГО-ТОКСИКОЛОГИЯЛЫҚ БАҒА

1. Әсерлі заттың ыдырау жылдамдығы (T_{50} және T_{90}) топырақта
дала жағдайында.
2. Әсерлі заттың топырақтағы ыдырау кезіндегі, метаболиттердің құрылымының және құрамының пайыздық құрамы.
3. Әсерлі заттың топырақтағы қалдығының пайыздық құрамы
4. Әсерлі заттың топыраққа сіңірілуі белгілі бөлігінің бөлініп шығуы.
5. Әсерлі заттың топырақта дала жағдайында ауысу миграция көрсеткіші.
6. Әсерлі заттың топырақтан булану көрсеткіші (ұшатын препараттарға).
7. Препараттың құстарға улылығы (ЛД₅₀).
8. Препараттың жауын құртына улылығы (ЛК₅₀).
9. Препараттың топырақтағы микроорганизмдерге улылығы.
10. Препараттың ауыспалы егіске және өсімдікте жылжу кезіндегі фитотоксичносы.
11. Күрштің суғармалы элементіндегі препараттың бет алысы:

- 11.1. Атыз танабы (су қабаты толы және топырақтағы динамика құрамы);
- 11.2. Госпа-дренажды тор (күріштің суғармалы жүйесі арқылы Препараттың жоғарғы және жер асты ағысы тор жағалауы сыртындағы шығымның көлемін анықтау);
- 11.3. Түбіне дейін жетіп жауған жаңбырдың әсерінен топыраққа сіңу, қайта бөлініп шығуының көрсетіші.
- Бұл бөлімдегі 1-6 мәлімет әсерлі затын көрсетеді, ал бөлімдегі 11.1.- 11.3., 7-10 - препаративтік, формасын көрсетеді.
- Қазақстан Республикасы аумағында міндетті түрде Препараттың бет алысын 1-11-ші және 5-ші бөліммен тексерді.
- Егер 1-11-ші бөлім мәліметтері Тіркелушілер арқылы берілмесе, одна ТМД елдеріндегі ғылыми-зерттеу мекемелері арқалы жүргізіледі.

Қосымша 11

ПРЕПАРАТ ҚАЛДЫҒЫ МӨЛШЕРІН АНЫҚТАУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК КӨРСЕТКІШІ

Ауыл шаруашылығы азық-түліктері, шикізаттарында, қоршаған орта объектілеріндегі, Препарат қалдығы мөлшерін анықтаудың әдістемелік көрсеткіші (азық, оларды өңдеуде).

Бейімделген әдістеме беріледі.

Препараттың топырақта, суда және ауадағы қалдық мөлшерін анықтаудың әдістемелік көрсеткіші.

Бейімделген әдістеме беріледі.

Қосымша 12

ПРЕПАРАТТЫ ПАЙДАЛАНУҒА СИПАТТАМА

1. Айырмашылық атауы, фирма (Тіркелуші).
2. Әсерлі заты (ISO бойынша) немесе микроорганизмдер, штамма немесе и з о л я т а атауы .
3. Құрамы (г/л немесе г/кг) (тірі клетканың титрі азықтағы өмір сүру қаблеті, вирус денесіндегі титр қосқанда).
4. Препаративтік формасы.
5. Арналуы, қолдану технологиясы, қолдану мөлшері жұмыс сұйықтығының м ө л ш е р і .
6. Басқа Препаратпен қосылысы.
7. Фитотоксичносы .
8. Резистентностың болу мүмкіндігі.
9. Пайдалы объектілер флора және фауналарды қорғауға сипаттама.
10. Препаратпен жұмыс кезінде сақтық тәсілі.
11. Уланған жағдайда көрсетер алғашқы көмек.
